

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2024 жылғы 18 қаңтар

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар, отырысқа қатысушылар! Сіздердің қарауларыңызға Мәжіліс қабылдаған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Аталған келісім 2021 жылы 28 мамырда Минск қаласында жасалған. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы 11 елдің 8-і қол қойған.

Заңның негізгі мақсаты – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау. Сонымен қатар осы мемлекеттер азаматтарының санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етуге бағытталып отыр. Сондай-ақ халықтың денсаулығын қорғау үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттерінің аумақтарында шаруашылық және сауда байланыстарын дамытудағы ықтимал қауіпті

тауарлардың әкелінуі мен өткізілуіне және инфекциялық аурулардың сырттан келуі мен таралу мүмкіндігіне тосқауыл болады деп күтілуде.

Келісім аса қауіпті аурулардың, сондай-ақ төтенше жағдайлармен байланысты инфекциялық аурулардың алдын алу жөніндегі келісілген іс-шараларды жүргізуді көздейді. Аурулардың толық тізбесі осы келісімнің қосымшасында айқындалып отыр.

Бұған дейін 2001 жылғы келісімде тізбеге 18 ауру кірсе, осы келісімде 24-ке дейін көбейтілген, халықаралық медициналық-санитариялық ережелердің талаптарына сәйкес келтіріліп отыр.

Келісімде ұлттық заңнамаға сәйкес бақылауға жататын тауарлардың тізбесі де қайта қаралып, Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде бақылауға жататын тауарлардың бірыңғай тізбесімен сәйкестендірілді. Сонымен қатар келісімде тараптарды жедел хабардар ету, эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуде практикалық, техникалық көмек көрсету жөніндегі міндеттемелер айқындалған. Төтенше жағдайлардың туындау мүмкіндігімен байланысты аса жұқпалы аурулардың анықталуы мен таралуы және санитариялық қорғау саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы ақпарат алмасуға міндеттенеді. Осы мәселелер бойынша әр тараптың өзара іс-қимылын үйлестіру ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерінің кеңесіне жүктеледі. Осы орайда келісімді ратификациялау аса қауіпті аурулардан туындайтын төтенше жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді және еліміздің халық денсаулығына оң септігін тигізеді деп күтілуде.

Жалпы, заңды қабылдау теріс және өзге де жағымсыз әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Қаралып отырған заң бойынша Сенаттың тұрақты комитеттері мен Аппаратынан ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Құрметті әріптестер, жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес Мәжіліс қабылдаған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Заңды мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ақмарал Шәріпбайқызы.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлына беріледі.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован представителю Министерства здравоохранения.

При возникновении вспышек болезней в соседних государствах приграничные регионы страны подвержены наибольшему риску и опасности заражения. Например, в 2023 году в Монголии были обнаружены 137 очагов чумы, при этом некоторые районы повышенного риска граничат с нашими соседями – Россией и Китаем. В этой связи возникают следующие вопросы.

1. Какие дополнительные профилактические меры принимаются для предотвращения возможных рисков для здоровья людей, живущих в приграничных регионах?

2. Имеются ли прогнозы по эпизоотической активности природных очагов чумы, а также комплексный план по оздоровлению эпизоотически активных природных очагов чумы на территории стран Содружества Независимых Государств?

ТӨРАҒА. Денсаулық сақтау вице-министрі Есмағамбетова Айжан Серікбайқызы, жауап беріңіз.

ЕСМАҒАМБЕТОВА А.С. Спасибо за вопросы.

Действительно, мы граничим с государствами, где есть природные очаги чумы. Природные очаги чумы есть и на нашей территории (40 процентов), плюс практически каждый регион является эндемичным по той или иной особо опасной инфекции.

Какая работа проводится? Учитывая, что 40 процентов территории страны – это природные очаги чумы, то у нас есть противочумная служба, которая проводит обследование природных очагов, как правило, эта работа проводится дважды в год, осенью и весной. В ходе этой работы определяется эпизоотическая активность очагов. Если выявляется эпизоотическая активность очагов, то тут же проводятся дератизационные и дезинфекционные мероприятия. Если на этой территории расположены населенные пункты, то вокруг населенных пунктов создается санитарно-защитная зона, население этих пунктов вакцинируется.

В ходе проведения этой ежегодной работы обязательно проводится прогнозирование эпизоотической ситуации на последующий эпидсезон. Эта работа проводится с учетом численности грызунов, численности носителей, исходя из этого издается постановление Главного государственного санитарного врача, на основании которого планируется работа на следующий эпидемиологический сезон.

Что касается приграничных регионов, то у нас есть обмен информацией с приграничными регионами, потому что на территории Российской Федерации, Узбекистана и Кыргызстана также есть природные очаги.

Если эпидситуация на территории сопредельных государств неблагополучная, то, как правило, наша противочумная служба проводит работу на приграничной территории, приводятся в готовность лечебно-профилактические учреждения, то есть информационно-разъяснительная работа с населением, возможность развертывания дополнительных коек, обеспеченность лекарствами. Если есть эпизоотическая активность очага, тогда проводится вакцинация населения.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Денсаулық сақтау министрлігінің өкілі Есмағамбетова Айжан Серікбайқызына.

Закон в целом поддерживаю. К сожалению, эпидемиологическая ситуация по опасным инфекционным болезням как в мире, так и в государствах Содружества Независимых Государств остается нестабильной. Нестабильная ситуация и в Казахстане. К примеру, за последние два года было зарегистрировано 20 случаев сибирской язвы, из них 13 случаев в Жамбылской области, 9 случаев бруцеллеза на территории Восточно-Казахстанской области, в том числе один случай среди детей до 14 лет, выявлены случаи крымской геморрагической лихорадки и один случай лихорадки денге.

В этой связи считаю важным шагом образование в рамках соглашения координационного совета по проблемам санитарной охраны территорий государств – участников Содружества Независимых Государств.

Между тем у меня есть ряд вопросов. Согласно статье 2 участники соглашения берут на себя ряд обязательств, в том числе принимать необходимые меры для предупреждения завоза и распространения этих видов болезней. В этой связи отмечу, что в ходе «правительственного часа» в Сенате по вопросам обеспечения биологической безопасности, который прошел в конце 2022 года, поднимался ряд проблем в этой сфере. Это отсутствие единой интегрированной информационной системы наблюдения, контроля за этими видами болезней и прогноза, неэффективность сотрудничества уполномоченных органов и ведомств, что сказывалось на скорости реагирования на эти случаи.

Прошло 1,5 года, хотелось бы понять, что изменилось, как идет процесс взаимодействия министерств, ведомств и служб по мониторингу санитарно-эпидемиологической ситуации в стране? Каков на сегодня уровень готовности по выполнению данного соглашения? Спасибо.

ТӨРАҒА. Айжан Серікбайқызы, жауап беріңіз.

ЕСМАҒАМБЕТОВА А.С. Спасибо за вопросы.

Что касается единой информационной системы, то на сегодня разработана архитектура информационной системы, с МЦРИАП идет согласование технических заданий и инвестиционных предложений.

Что касается взаимодействия с государственными органами по вопросам биобезопасности, то вовлечены 13 государственных органов, они все прописаны в Законе «О биологической безопасности Республики Казахстан». Для того чтобы обеспечить координацию мероприятий, в реализацию закона разработано 30 нормативных правовых актов, подзаконных, где расписываются условия взаимодействия, характер взаимодействия, плюс в каждом государственном органе имеется алгоритм взаимодействия.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бекенов Нұрлан Жексембайұлына беріледі.

БЕКЕНОВ Н.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің сұрағым Денсаулық сақтау министрлігінің өкіліне.

Құрметті Айжан Серікбайқызы! Заңның маңызды бағыттарының бірі жұқпалы аурудың таралуын болдырмау. Осыған байланысты менің екі сұрағым бар.

Бірінші сұрақ. Ауру немесе ластанған тауарларға байланысты төтенше жағдайдың пайда болуы туралы ақпаратпен қалай алмасады? Келісімге қатысушы елдер бірінші кезекте қандай шараларды қолданады?

Екінші сұрақ. Келісімнің қосымшасына сәйкес аурулардың тізімі 24 түрден тұрады.

Тізімге ауру түрін қосу немесе алып тастау процедуралық түрде қалай қалыптасады және қанша уақыт алады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Айжан Серікбайқызы, жауап беріңіз.

ЕСМАҒАМБЕТОВА А.С. Сұрағыңызға рақмет.

Біріншіден, төтенше жағдайлар туындаған кезде ақпаратпен алмасудың бірнеше жолы бар. Біріншісі – Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің кеңесі арқылы, екіншісі – Еуразиялық экономикалық комиссия арқылы, үшіншісі – ҰҚШҰ-ның (ОДКБ) биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша үйлестіру кеңесі арқылы және Сыртқы істер министрлігі арқылы, бұдан басқа оперативті түрде ақпаратпен алмасу үшін санитариялық-эпидемиологиялық қызметкерлер электрондық пошта арқылы ақпарат алады.

Өткізілген шаралар туралы айтар болсақ, аурулар бойынша санитарлық-профилактикалық және эпидемияға қарсы шаралар өткізіледі. Ал тауарларға қатысты болса, бұл тауарлар техникалық регламенттің талаптарына сәйкес болмаса уақытша санитарлық шаралар қолданылады. Уақытша санитарлық шаралар – тауарлардың әкелінуіне тыйым салу, біздің елге келсе оларды заңнамаға сәйкес жою немесе кері қайтару.

Екінші сұрақ бойынша айтсақ, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған халықаралық медициналық-санитариялық ережелер мен аурулардың тізбесі бекітіледі. Сол аурулардың тізбесіне ұсыныстар енгізу керек болса, онда осы ұсыныстар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ассамблеясының отырысына шығарылады, содан кейін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ассамблеясының қорытындысымен бекітіледі. Ал мерзімі туралы айтып кетсем, осы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына 200 ел кіреді. Осы елдердің бәріне сол ұсыныстар жіберіледі, содан кейін барлық елдің осы ұсыныстарды келісуіне байланысты мерзім айқындалады.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ақмарал Шәріпбайқызы. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Қалтаева Ләззат Молдабекқызына беріледі.

ҚАЛТАЕВА Л.М. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар, отырысқа қатысушылар! Бүгін қаралып отырған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Заңның негізгі міндеттері мен мақсаттары жайлы әріптесім Ақмарал Шәріпбайқызы толық таныстырды.

Әлемде биологиялық сипаттағы эбола індеті, тырысқақ штамдарының жаңа түрлерінің пайда болуы, COVID-19 коронавирустық инфекциясы сияқты жаһандық пандемия қауіптерінің саны артып келеді.

Бұл үрдіске қарсы тұру – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдарының эпидемияға қарсы жедел әрекет ету қажеттілігін, биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде жедел шаралар қабылдауды қажет етеді. Сондай-ақ мемлекетаралық сауда байланыстары мен тауарлардың трансшекаралық қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде іс-қимылдарды тиімді үйлестіруге тығыз байланысты.

Осы орайда келісім халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында халықаралық ынтымақтастықты құруға, қауіптер мен сын-қатерлердің алдын алуға, сондай-ақ болашақта ықтимал әлеуметтік-экономикалық сілкіністерді барынша азайтуға және оларды бақылауға бағытталған. Бұл өңірлік және ұлттық деңгейді, тұрақтылықты нығайту және қамтамасыз ету үшін сөзсіз маңызды.

Жалпы, келісімді ратификациялау мемлекеттік санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды өткізудегі ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейтуге мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер! Мен осы заңды қолдаймын және сіздерді қолдауға шақырамын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Келісім ТМД-ға мүше мемлекеттердің аумағында аса қауіпті жұқпалы аурулардың таралуын болдырмау мақсатымен жасалған болатын.

Бұл құжат осы бағыттағы ынтымақтастықты нығайтатын құқықтық негіз қалыптастырады. Жалпы мақұлданған заң қоғамдық денсаулықты қорғау саласындағы ұлттық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге оң ықпалын тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі екінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында

мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Заң ұсынылады.

Аталған келісімге 1999 жылғы 4 маусымда Минск қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының үкімет басшылары қол қойды. Келісімнің мақсаты құпия өнертабыстар туралы мәліметтердің құпиялығын қамтамасыз ету болып отыр. Сондай-ақ бұрынғы КСРО-да жасалған құпия өнертабыстарды құпиясыздандыру тәртібін айқындауға бағытталады.

Келісімнің ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде қолданылу мерзімінің барлық кезеңінде КСРО-да жасалған құпия өнертабыстарға қорғау құжаттарын беруге бірде-бір өтініш берілмеген. Сондай-ақ құпия өнертабыстарды құпиясыздандырудың бірде-бір жағдайы тіркелмеген.

Сонымен қатар өнертабыстарды қорғау мерзімі 20 жылды құрайтынын атап өткен жөн. Бүгінгі күні КСРО-да жасалған барлық өнертабыстар бойынша қорғау құжаттарының әрекет ету мерзімі өтіп кетті. Осыған байланысты ТМД-ның Атқарушы комитеті келісімнің маңыздылығының жоқтығына байланысты қолданысын тоқтату туралы мәселе көтерді. Сондай-ақ ТМД-ның Сыртқы істер министрлер кеңесінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі ТМД шеңберінде жасалған көпжақты шарттардың қолданысын тоқтату туралы құжаттардың жобалары туралы шешімінің, ТМД-ның мемлекет басшылары кеңесінің және үкімет басшылары кеңесінің шешімдерінің негізінде ТМД-ның Атқарушы комитеті Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттама әзірледі.

Аталған хаттаманы әзірлеудің мақсаты мен негізгі міндеті құпия өнертабыстарға қорғау құжаттарын беру туралы материалдардың болмауына және құпия өнертабыстарды құпиясыздандыру жағдайларына байланысты келісімнің қолданылуын тоқтату болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 21 мамырда «Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттамаға қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданды.

Бүгінгі күні хаттаманы Әзірбайжан Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Ресей Федерациясы ратификациялады.

Қазақстан Республикасы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттамаға 2020 жылғы 8 желтоқсанда қол қойды. «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13 және 14-баптарына сәйкес хаттама ратификациялауға жатады.

Аталған заңды қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарға әкеп соқпайды және мемлекеттік бюджеттен қосымша шығыстарды талап етпейді.

Құрметті депутаттар, отырысқа қатысушылар! Қаралып отырған заң бойынша Сенаттың тұрақты комитеттері мен Аппаратынан ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Мәжіліс қабылдаған «1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы

ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Әділет министрлігінің өкіліне.

Келісімге Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының үкімет басшылары 1999 жылғы 4 маусымда Минскіде қол қойып, ол 2001 жылғы 7 мамырда Қазақстан Республикасының заңымен ратификацияланды.

Келісімнің мақсаты құпия өнертабыстар туралы мәліметтердің құпиялылық режимін қамтамасыз ету, бұрынғы КСРО-да жасалған құпия өнертабыстарды құпиясыздандыру тәртібін анықтау болды. Келісімнің барлық уақытында ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде КСРО-да жасалған құпия өнертабыстарға қорғау құжаттарын беру туралы бірде-бір өтініш берілген жоқ. Сондай-ақ құпия өнертабыстарды құпиясыздандыру бойынша бірде-бір жағдай тіркелген жоқ.

Неліктен бұл келісім енді ғана жойылуда, соны түсіндіріп берсеңіз.

ТӨРАҒА. Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі Жақселекова Ботагөз Шаймарданқызы, жауап беріңіз.

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. Сұрағыңызға рақмет.

Келісімді тоқтату туралы шешім 2018 жылы ТМД-ның Сыртқы істер министрлерінің кеңесінде қабылданды. Бірақ Қазақстан Республикасы тиісті хаттамаға 2020 жылы қол қойды.

Еліміздегі эпидемиологиялық жағдайға қатысты мемлекетішілік рәсімдер 2022 жылы басталды. Заң жобасы өткен жылдың басында Парламент Мәжілісінің қарауына енгізілді.

ТӨРАҒА. Ботагөз Шаймарданқызы, сізді дұрыс түсінсек, бұл хаттамаға біз 2020 жылы қол қойдық, қазір 2024 жылдың басы. Сонда осы процедуралар үш жылдай жүрген. Солай ма?

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. Иә.

ТӨРАҒА. Сондай келісімдер келіп жататынын да біз білеміз. Осындай мәселелерді тездетіп қарау, тездетіп шығару немесе келісу туралы сіздердің ішкі процедураларыңыз бар ма? Сіздердің министрлікте немесе Үкіметте бұл мәселе бір құжатпен реттелген бе? Қазір жауап бере аласыз ба? Қазір жауап бере алмасаңыз, онда сұрақ қойған депутатқа тиісті ақпараттың бәрін жазбаша түрде бересіздер. Жақсы ма?

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. Жақсы.

ТӨРАҒА. Келесі сөз сұрақ қою үшін депутат Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНІСОВ Т.Т Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован представителю Министерства юстиции Республики Казахстан.

Как отметил докладчик, рассматриваемое соглашение ранее было подписано в целях обеспечения режима секретности в отношении сведений о секретных изобретениях, созданных в бывшем СССР. В связи с тем, что прошло более 20 лет со дня подписания соглашения и его неактуальности, страны – участники Содружества Независимых Государств приняли решение о прекращении его действия.

В то же время на сегодня в Казахстане заявки на выдачу патента на изобретения или объекты промышленной собственности, в случае установления в них сведений, содержащих государственные секреты, засекречиваются в порядке, установленном Законом Республики Казахстан «О государственных секретах». В этой связи следующие вопросы.

1. Как на сегодня в Казахстане определяется необходимость засекречивания изобретения, по каким основаниям это проводится, какой срок действия правовой охраны на засекреченные изобретения?

2. Что является основанием, какой установлен порядок для рассекречивания секретных изобретений? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. Благодарю за вопросы.

Касательно процедуры засекречивания. Это регулируется законодательством о государственных секретах, также есть соответствующие подзаконные акты, утвержденные правила, приказы Министра юстиции.

Когда заявка подается в экспертную организацию, таковой у нас является «Казпатент», если эксперты при рассмотрении материалов усматривают признаки того, что в них содержится секретная информация, материалы передаются в Министерство юстиции. Со своей стороны, центральный государственный орган создает межведомственную комиссию с привлечением заинтересованных государственных органов в зависимости от предмета рассмотрения заявки. Этой комиссией определяется тот самый государственный орган, чьи интересы или компетенции этот вопрос затрагивает, и материалы передаются для заключения в указанный государственный орган.

После установления наличия таковых сведений в установленном Законом «О государственных секретах» порядке эта информация засекречивается. Вот такой порядок.

По сроку действия охраны такого рода документов. Срок устанавливается этим уполномоченным государственным органом, но по закону он не может превышать 30 лет.

Касательно вопроса, в каких случаях осуществляется рассекречивание. В соответствии с законодательством есть четыре основания:

когда государство принимает на себя международные обязательства, связанные с рассекречиванием определенной информации;

если в тот список, который в соответствии с Законом «О государственных секретах» был утвержден, были внесены изменения;

если истек срок по засекреченным материалам;

если та информация, которая какое-то время назад подлежала засекречиванию, в настоящее время потеряла эту актуальность.

Такие четыре основания есть. Если они возникли, то государственный орган, владелец этой информации, также обращается в Министерство юстиции, мы эту информацию рассматриваем на межведомственной комиссии.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Әділет министрлігінің өкіліне.

Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімді қатысушы елдер 1999 жылғы 4 маусымда жасады. Қаралып отырған заң қабылданғаннан кейін хаттама шеңберінде аталған келісімнің қолданылуы тоқтатылады. Бұл ретте КСРО-ның авторлық куәліктері немесе патенттері берілген құпия өнертабыстар базасы келісімге қатысушы әрбір елде болады.

Хаттамаға барлық елдер қол қойғаннан кейін келісімнің қатысушы елдеріне авторлық куәліктер және патенттер алынбаған, сондай-ақ құпия өнертабысқа қорғау құжаты берілмеген өнертабыстарды қамтитын ақпараттық база беріледі ме немесе барлық өнертабыстар КСРО кезінде тиісті орган орналасқан Ресей тарапында қала ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ботагөз Шаймарданқызы, жауап беріңіз.

ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. Рұқсат болса, орыс тілінде жауап берейін.

Что касается базы, то такой централизованной базы у нас нет, где бы велся учет всех засекреченных изобретений.

Если мы вернемся к тексту соглашения, то обмен такой информацией в период действия этого соглашения осуществлялся через Российское патентное ведомство. В Казахстане уполномоченным органом является Комитет национальной безопасности, взаимодействие и обмен информацией осуществляются через этот уполномоченный орган.

В данном случае у нас таких кейсов нет. В случае возникновения таких ситуаций мы в рамках двухсторонних соглашений с государствами будем обмениваться. В частности, у нас есть соглашение с Российской Федерацией по военно-техническому сотрудничеству. Если в этой сфере есть какие-то изобретения, то в рамках этого соглашения будем работать.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Советбек Тұрсынұлы. Орныңызға отырыңыз.
Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.
Сөз депутат Толамисов Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті депутаттар, қатысушылар! Қаралып отырған «1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Заң негізді және уақытылы болып табылады. Себебі өнертабыстарды қорғаудың мерзімі 20 жылды құрайтындықтан тиісінше КСРО-да жасалған барлық өнертабыстар бойынша қорғау құжаттарының әрекет ету уақыты да аяқталды. Сондықтан 1999 жылы 4 маусымда жасалған келісімнің өзектілігі қазір жоғалып отыр.

Ратификациялауға ұсынылып отырған хаттама 2 баптан құралады. Оларға сәйкес тараптар келісімнің қолданысы тоқтатылды деп санайды және хаттаманың күшіне енуі үшін тиісті мемлекетішілік рәсімдер орындалуы қажет.

Қазіргі уақытта өнертабыстардағы мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді құпияландыру, оларды қорғауды қамтамасыз ету және құпиясыздандыру тәртібі қолданыстағы құқықтық базамен реттеліп отыр. Оған сәйкес Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының қолданысын тоқтату халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес немесе барлық қатысушылардың келісімімен кез келген уақытта, сондай-ақ халықаралық құқық нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы орайда 23 мамыр 1969 жылғы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясы бойынша шартты тоқтату шарттың ережелеріне сәйкес немесе тараптардың кеңесуі бойынша барлық қатысушылардың келісімімен кез келген уақытта жүзеге асырыла алады. Сондай-ақ «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңның 28-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының қолданысын тоқтату халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес немесе барлық қатысушылардың келісімімен кез келген уақытта, сондай-ақ халықаралық құқық нормаларына сәйкес жүзеге асырылады. Аталған заңда халықаралық шарттардың қолданысын тоқтатудың тәртібі егжей-тегжейлі реттелген.

Ратификацияға ұсынылып отырған келісімнің өзектілігінің жоғалуына байланысты ТМД-ға қатысушы елдер, оның ішінде Қазақстан да тиісті құқықтық рәсімдерді сақтай отырып оның қолданылуын тоқтатуды шешті.

Айтылғандарды ескере келе мен қаралып отырған заңды қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан

Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы жаһандық жылынуға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты іске асыру туралы арнайы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің хатшысы Булавкина Ольга Александровнаға беріледі.

БУЛАВКИНА О.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! На ваше рассмотрение предлагается Закон Республики Казахстан «О ратификации Специального Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Французской Республики о реализации сотрудничества в сфере борьбы с глобальным потеплением», принятый Мажилисом Парламента Республики Казахстан.

Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев, говоря о создании экономики, свободной от углерода, подчеркивает следующее.

Казахстан стал первой страной в Центральной Азии, которая ратифицировала Парижское соглашение и приняла Стратегию углеродной нейтральности до 2060 года. Это принципиальный вопрос для будущего нашей экономики. Огромный потенциал для развития ветровой и солнечной энергетики позволяет расширять тесное сотрудничество со странами-партнерами по усовершенствованию подходов к управлению всей энергетической отраслью, от производства энергии до ее распределения.

Масштабный проект строительства ветряной гибридной электростанции мощностью 1 гигаватт с возможностью накопления энергии с минимальной мощностью 300 мегаватт продолжит развитие сектора возобновляемых источников энергии и поможет Казахстану достичь целей в области устойчивого развития. Электростанцию планируется запустить в 2026 – 2027 годах в Жамбылской области.

Принимая во внимание технические особенности крупного проекта, сторонами проекта (инвестором – французской компанией «Total Egen» и казахстанскими компаниями-акционерами «Самрук–Казына» и «КазМунайГаз») планируется создание специальной компании, которая будет осуществлять проект «Мирный». Инвестором в течение 25 лет будет реализовываться механизм по производству, хранению электроэнергии и урегулированию дисбалансов в рамках реализации проекта в соответствии с условиями и соглашениями об инвестициях.

Проект «Мирный» позволит сократить выбросы углекислого газа как минимум на 2 миллиона тонн в год, создать 250 постоянных рабочих мест, 2500 временных рабочих мест, привлечь порядка 820 миллиардов тенге инвестиций, а также выработать дополнительно 3,6 миллиарда киловатт-часов «зеленой» энергии.

Прозрачность правовой и законодательной базы позволяет укреплять двустороннее сотрудничество между соответствующими уполномоченными органами и частными секторами, способствует передаче казахстанской стороне новейших технологий в области возобновляемых источников энергии и их хранения.

Для предотвращения возможного негативного воздействия от планируемой хозяйственной и иной деятельности на здоровье населения и окружающую среду результаты анализа социального и экологического мониторинга будут доступны по запросу любого заинтересованного лица.

Все налоговые расчеты будут производиться согласно казахстанскому законодательству. При этом в соответствии с таможенным законодательством Евразийского экономического союза и таможенным законодательством Республики Казахстан ввоз технологического оборудования, комплектующих и запасных частей к нему, необходимых для реализации крупного проекта, освобождается от таможенных пошлин.

Уважаемые коллеги! С учетом вышеизложенного Комитет по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует одобрить Закон Республики Казахстан «О ратификации Специального Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Французской Республики о реализации сотрудничества в сфере борьбы с глобальным потеплением». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Тастекеев Қайрат Құлбайұлына беріледі.

ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ. Менің сұрақтарым Энергетика министрлігінің өкіліне.

Арнайы келісім жаңартылатын энергия көздері саласындағы ірі жобаларды ілгерілету, әзірлеу және іске асыру арқылы тараптар арасындағы ынтымақтастықты жүзеге асыру жөніндегі бірқатар маңызды мақсаттарды іске асыруға бағытталған. Атап айтқанда, арнайы келісім шеңберіндегі ірі жоба бірқатар шарттарға жауап беруі тиіс, олардың ішінде:

жерүсті жел ресурстарына басымдық бере отырып жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндіру;

жергілікті қамтылуды қамтамасыз ететін операторларды, көрсетілетін қызметтерді немесе компоненттерді ірі жобаға қатыстыру арқылы Қазақстан аумағында өнеркәсіптік және технологиялық бұйымдар мен ноу-хауды ілгерілетуге және дамытуға үлес қосу және тағы басқалары.

Осыған байланысты менде сұрақтар туындап отыр.

Бірінші. Біздің елімізде жоғарыда аталған мақсаттарды, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндіру және сату саласындағы ірі жобаларды іске асыру үшін кадрлар жеткілікті ме? Сіздің министрлік осы бағытта тиісті алдын ала дайындық жұмыстарын жүргізіп жатыр ма? Оның ішінде Ғылым және жоғары білім министрлігімен осы мәселе бойынша өзара байланыс жүзеге асырыла ма? Өйткені электр энергетикасы саласында қазіргі уақытта кадр ресурстарының тапшылығы орын алып отырғаны баршамызға мәлім.

Екінші. Бүгінгі күні Қазақстанның электр энергетикасы нарығында жаңартылатын көздерден өндірілетін электр энергиясының жаңартылмайтын көздерден өндірілетін энергияға қатысты үлесі қандай?

ТӨРАҒА. Энергетика вице-министрі Есімханов Сұңғат Қуатұлы, жауап беріңіз.

ЕСІМХАНОВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Қайрат Құлбайұлы, сұрақтарыңызға жауап беруге рұқсат етіңіз.

Кадр мәселесі бойынша айтсақ, жаңартылған энергия көздерін өндіретін мекемелер, әрине, жаңа сала. Ол бізде ғана емес, жалпы әлемде соңғы 20-25 жылда дамып келе жатқандықтан кадр мәселесі бар, бірақ ол мәселе шешіліп жатыр. Біз Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірге жоғары оқу орындарында жаңартылған энергия саласына мамандар дайындаудамыз. Осы сала бойынша бізде қазір «Болашақ» бағдарламасы бойынша, өз бетінше шетелдерде оқып келген мамандар көп, сондықтан осы салада кадрлық проблема жоқ. Өздеріңіз білесіздер, жел, күн электр станцияларында жұмыскерлердің саны көп емес. Аталмыш ірі жобаның өзінде де 1 гигаваттық болса да 200-250 адам жұмыс істейді. Жалпы, инженерлер аз, негізі электромонтер сияқты жұмыскерлер.

Электр энергиясының көлеміне келсек, жаңа Ольга Александровна айтқандай, негізі бізде жаңартылған энергияны дамыту бойынша бағдарлама да бар, көрсеткіштер де бар. 2030 жылы біз 15 пайызға жетуіміз керек. 2023 жылдың қорытындысы бойынша жаңартылған энергия көздерінен өндірілген электр энергия бізде 6 пайыз. Жыл сайын жобалар іске қосылып жатыр. 2030 жылы 15 пайыздан асатынына біз толық сенімдіміз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі Есімханов Сұңғат Қуатұлына.

Сарапшылардың пікірінше, күн және жел сияқты жаңартылатын энергия көздерінің үлесі бүкіл әлемдік өндірістің 30 пайызына жетті. Аталған энергия көздері Қазақстан үшін де қымбат болып қала береді.

Жоба бойынша тариф 3,99 цент киловатт-сағат деңгейінде келісілген және тіркелген. Бұл біздің валютамен 17,6 теңге киловатт-сағатты құрайды. Осыған байланысты бірқатар экономикалық және техникалық мәселелер туындайды.

Бірінші. Жоба бойынша тариф қандай критерийлерге сүйене отырып бекітілді?

Екінші. Келісімге сәйкес жоба аясында тариф шетел валютасымен тіркелген. Мұндай шешімнің негізінде қандай себептер жатыр? Бұл аукциондық сауда-саттық шеңберінде іске асырылатын жобалар үшін тең емес жағдайларды туғызбайды ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сұңғат Қуатұлы, жауап беріңіз.

ЕСІМХАНОВ С.Қ. Сұрағыңызға рақмет.

Тарифқа келсек, 3,99 цент, оның ішінде электр энергиясының бағасы 2,80 цент. Ол теңгеге ауыстырғанда 12 теңге 80 тиынды құрайды. Біз келісімшартқа отырған кезде «Total Eren» компаниясына талап қойдық. Ұсынылған бірінші бағасы одан көбірек болған. Бірақ біз заңға сәйкес өткізілген аукциондардың 2022 жылдың қорытындысы бойынша орташа бағаны міндетті түрде қолданамыз деген шешімге келдік. Сондықтан 12,8 теңге электр энергиясының бағасы, ал арасындағы 5 теңге талап бойынша жобаға қосымша электр энергиясын сақтау аккумуляторларын қолдануға көзделген. Аукцион арқылы істейтін біздің басқа жобаларда ондай талап жоқ. Ірі жоба болғаннан кейін біз сондай талап қойдық. Электр энергиясын сақтайтын аккумуляторларға қаражат қарастырылған және осы жобада Шу мен Шымкент арасында электр желілерін салу қосымша жүктелген. Сондықтан осындай баға болып шықты.

Валютаға келсек, аукциондық бағаға теңге көрсетіледі, бірақ онда индексация бар. Ірі жоба болғандықтан осындай технологияны әлемдік деңгейдегі «TotalEnergies» компаниясы әкелгеннен кейін бұндай инвесторлардың валютаға байланысты талабы болады. Сондықтан біз келістік, бірақ біз 25 жыл бойы баға өзгермейді, ешқандай индексация жасалмайды деп келістік, яғни осы бағаға бекітілген. Екі мемлекет басшыларының келісімі бойынша осындай шешім қабылданды.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бұқтұғұтов Шәкәрім Сабырұлына беріледі.

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Осы жоба бойынша Энергетика министрлігіне менің бірнеше сұрағым бар.

1. Выработана ли карта объектов генерации электроэнергии в Казахстане с учетом объема электроэнергии, вырабатываемой в рамках реализации рассматриваемого проекта, интегрированная с потребностями в республике, включая локацию крупных производственных объектов страны?

2. Какие целевые индикаторы, кроме объема выработки электроэнергии, суммы инвестиций, объема налоговых поступлений в бюджет, количества рабочих мест, приняты при оценке эффективности данного проекта?

3. Какие финансовые и нефинансовые меры стимулирования развития в Казахстане «зеленой» энергетики может предложить уполномоченный государственный орган?
Рақмет.

ТӨРАҒА. Сұңғат Қуатұлы, жауап беріңіз.

ЕСІМХАНОВ С.Қ. Сұрақтарыңызға рақмет, Шәкәрім Сабырұлы.

Карта генерации есть. Не только по этому проекту, но и по всем проектам ветровой, солнечной генерации, гидро, так скажем, ВИЭ.

Настоящий проект реализуется в Жамбылской области, другие крупные проекты в Жетысуской области и других районах, в целом карты генерации сделаны, учтен ветровой потенциал.

Как Вы сказали, это именно потребление, в южных регионах потребление растет, а у нас основная генерация, традиционная, находится в северной зоне. Чтобы ее не транспортировать, эти крупные проекты будут в южной зоне.

По дополнительным критериям, которые к этому проекту ставятся. Понятно, кроме выработки электроэнергии, отвечая на первый вопрос, говорил, это система накопления электроэнергии, это первые пилотные требования, мы поставили требование, что при 1 гигаватте должно быть не менее 30 процентов накопления электроэнергии. Это позволит решать вопросы дисбалансов системы, когда нет ветра, нам приходилось эти объекты замещать другой генерацией, газовой и традиционной, а сейчас будет требование, что при отсутствии определенных плановых выработок они будут накапливать в этих батареях, будут системе помогать именно по регулированию дисбалансов.

Еще одно преимущество в этом проекте – строительство высоковольтной линии, которой они будут соединять две подстанции АО «КЕГОК». Мы эту линию также будем использовать как транзит нашей электроэнергии с севера на юг.

Естественно, здесь еще экологический критерий, это офсет, которые мы получим в снижении углеродного следа. Этот проект такие дополнительные критерии имеет.

По финансовым и нефинансовым инструментам не только этого проекта, а вообще в целом. Здесь для поддержки, кроме гарантированной покупки электроэнергии на эти сроки, которые у нас есть для действующих проектов, которые по аукционам разыгрываются, это ежегодная индексация на инфляцию, освобождение при инвестиционных проектах от таможенных пошлин, освобождение в рамках законодательства об инвестициях от КПП и земельного налога на 8-10 лет.

Также есть преимущество – резервирование земельных участков. Например, мы на ближайшие 4-5 лет определили примерный план развития, местные исполнительные органы зарезервировали земельные участки для этих проектов. Это первое.

Второе. Все электросетевые компании зарезервировали точки подключения, чтобы проект реализовался и имел техническую возможность.

Вот такие законодательные преимущества есть в этой отрасли.

ТӨРАҒА. Рақмет. В целом, Сунгат Куатович, мы от Вас слышим и из доклада услышали, по документу мы видим, это достаточно прогрессивный проект с точки зрения, что это возобновляемая энергетика, что для нас очень важно для уменьшения углеродного следа, то, что вы активно развиваете в этом проекте, аккумулирование электроэнергии, чтобы балансировать какие-то потребности нашей энергетической системы, – это, конечно, шаг вперед.

С точки зрения структуры капитала, пожалуйста, ответьте, из доклада мы услышали, что участвуют в проекте «Самрук-Казына» и «КазМунайГаз», доля казахстанской стороны какая? Как распределяется прибыль? Есть ли инвестиции с нашей стороны, или все инвестиции приходят от французской стороны? Пожалуйста.

ЕСІМХАНОВ С.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Да, действительно, в проекте участвуют «Самрук-Казына» и «КазМунайГаз», они по 20 процентов имеют долю в этом предприятии. Это было соглашение о реализации,

созданное предприятие такую долю имеет. Финансирование на первом этапе участники делают только в части разработки ПСД, это их совместные средства. А дальше основной инвестор привлекает заемные средства. И в рамках доли, как они владеют, доходность по процентам будет распределяться.

ТӨРАҒА. Түсінікті. Басқа сұрақтар жоқ.
Рақмет, Ольга Александровна. Орныңызға отырыңыз.
Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.
Сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі таңда әлемдік экономиканың жылдам дамуына байланысты электр энергиясына сұраныс қарқынды түрде өсуде, ал жаңартылмайтын энергия қорлары жылдан-жылға сарқылуда.

Жаңартылатын энергияны пайдаланудың негізгі қағидаты – оның үздіксіз таза табиғи процестерден алынуы және адамның араласуынсыз табиғи жолмен толықтырылуында. Сондықтан жаңартылатын энергия көздері әлемдік энергетика нарықтарындағы бағаларға қарамастан ресурстардың сарқылмайтындығымен тартымды.

Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергетика көздерін дамытатын және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін кешенді түрде шешетін «жасыл» экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдамасы іске асырылуда. Көміртегін пайдалануды азайтуға басымдық беруге бағытталған 2060 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының стратегиясы бекітіліп, энергетика саласында баламалы және жаңартылатын энергияны пайдалану үлесін жоғары деңгейге жеткізіп, парниктік газдардың шығарындарын нөлге дейін төмендету міндеті қойылған.

Қаралып отырған келісім Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Франция Республикасының Үкіметі арасындағы энергетикалық қауіпсіздік саласындағы ірі жобаларды дамытуға және Қазақстан Республикасының аумағында іске асыруға, экологиялық таза технологияларға көшуге және ластануды қысқарту арқылы жаһандық жылынуға қарсы күресте ынтымақтастықты жүзеге асыруға бағытталған.

Жел ресурстары Қазақстан аумағында кең таралған. Сонымен қатар ескірген инфрақұрылым мен электр энергиясын ұзақ қашықтыққа жеткізу айтарлықтай шығындарға байланысты тиімсіз екені белгілі. Жел энергиясын пайдалану арқылы өндірілетін электр энергиясының көздері өндіретін электр энергиясын жеткізу құнымен салыстырғанда экономикалық және экологиялық тұрғыдан тиімді болып табылатыны анық.

Құрметті әріптестер, өз тарапымнан заңды қолдайтындығымды жеткізе отырып, жоғарыда айтылғандардың негізінде сіздердің де заңды қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы жаһандық жылынуға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты іске асыру

туралы арнайы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, қазіргі таңда әлем елдері жаһандық жылыну мәселесіне баса мән беріп отырғаны белгілі. Біздің еліміз де қоршаған ортаны сақтауға арналған нақты шараларды жүзеге асыруда. Осы ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев таяуда Дубайда өткен COP 28 – Климат жөніндегі саммитте аса маңызды мәселелерді көтерді.

Сол кезде Президент метан қалдықтарын азайту жөніндегі жаһандық міндеттемеге Қазақстанның қосылатыны туралы мәлімет берді. Ал бүгін қаралған арнайы келісім елімізде жаңартылатын энергия саласындағы ірі жобаны іске асыруды көздейді.

Жалпы заңды жүзеге асыру Қазақстанда «жасыл» энергияның үлесін арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл заң Франциямен ынтымақтастықты нығайтуға оң ықпалын тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды.

Енді депутаттық сауалдарға көшейік. Депутаттық сауалдар бар ма?

Сөз депутат Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНИСОВ Т.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайылов Әлихан Асханұлына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Өткен жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасы мен бірқатар депутаттарының Шығыс Қазақстан облысының басшылығымен және мәслихат депутаттарымен кездесуінде және де осы жылдың қаңтар айындағы өңірлерге іс-сапар барысында арнайы білім беру ұйымдарының, оның ішінде оңалту орталықтары тәрбиешілерінің жалақысының өспеуі жайлы мәселе көтерілді.

Бүгінгі күні республиканың білім беру жүйесінде психология-медицина-педагогикалық консультацияларының (ПМПК) есебінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар 188 мың бала тіркелген. Оның ішінде 55 мыңы немесе 29 пайызы мектеп жасына дейінгі балалар.

Мүгедектігі бар балалардың білім алуына жағдай жасау мақсатында білім беру жүйесінде арнайы білім беру ұйымдарының желісі жұмыс істейді. Оның ішінде орта және мектепке дейінгі білім саласында 44 арнайы балабақша, 99 арнайы мектеп-интернат, 9 бақша-мектеп кешені бар. Осы мекемелерде 20 мыңға жуық тәрбиеші еңбек етеді.

Осы орайда инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы бірқатар мәселелерді айтып өткім келеді. Атап айтқанда, арнайы мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептер желісінің саны өспейді және де орын тапшылығы көбеюде. Осылайша еліміздің 11 өңірінде 29 арнайы мекеме ашу қажеттілігі бар. Оған себеп республика бойынша 24 мыңнан астам бала кезек күтуде. Сондай-ақ арнайы балабақша мен мектептерде оқыту сапасы дұрыс бақыланбайды. Интеллектісі бұзылған балаларға арналған мектеп түлектерін жұмысқа

орналастыру деңгейі өте төмен. Бұдан бөлек арнайы педагогтардың, әсіресе сурдо мен тифлопедагогтардың тапшылығы және олардың біліктілігін арттыру курстары жетіспейді. Бүгінгі таңда арнайы мектеп-интернаттардың материалдық базасы әлсіз, жабдықтау нормаларына сәйкестігі тек 40 пайызды ғана құрайды.

Сонымен қатар өткен жылдың 1 қыркүйегінен бастап Мемлекет басшысының Жолдауына сәйкес педагогтардың жалақысын 30 пайызға арттыру тізіміне арнайы мектептер мен мектеп-интернаттардың ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған күндізгі топтары бар оңалту орталықтарының тәрбиешілері мен қызметкерлері кірмеген. Қазіргі жағдайда бұл осы мекемелерден білікті және тәжірибелі кадрлардың кетуіне әкелуі мүмкін.

Осындай жағдай әлеуметтік қорғау жүйесінде де байқалады. Онда балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің 21 орталығы, оның ішінде тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған 4 орталық жұмыс істейді. Патологиясы бар балаларға арналған 17 орталық және 98 жартылай стационар бар. Онда 4 мың 700-ден астам балаға білім беру қызметтері көрсетіледі.

Еліміздің медициналық-әлеуметтік мекемелерінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен педагогтар жұмыс істейді. Бірақ олардың мәртебесі бүгінгі күні «Педагог мәртебесі туралы» Заңда қарастырылмаған және олардың еңбекақысы білім беру жүйесіне қарағанда әлдеқайда төмен.

Құрметті Әлихан Асханұлы, баяндалғанның негізінде келесі мәселелерді шешуді қолдауыңызды сұраймыз:

1) республикалық бюджетті нақтылау кезінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын іске асыратын арнайы білім беру ұйымдары тәрбиешілерінің жалақысын көбейту;

2) әлеуметтік қорғау жүйесінде білім беру, түзету және балаларды тәрбиелеуді жүзеге асыратын медициналық-әлеуметтік мекемелерде жұмыс істейтін педагогтар үшін «Педагог мәртебесі туралы» Заңға сәйкес мәртебе беру мүмкіндігін қарастыру;

3) арнайы мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің санын кезең-кезеңімен көбейту, олардың жабдықтау деңгейін арттыру, сондай-ақ осы білім беру мекемелері үшін кадрлар даярлау мәселесін қамтамасыз ету.

Айтылғандардың маңыздылығын ескере отырып, депутаттық сауалға заңда көзделген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Т. Жүнісов, О. Перепечина, Н. Жүсіп, Н. Бекенов және Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшелері». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Қыдырәлі Дархан Қуандықұлына беріледі.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің сауалымыз Үкімет басшысына және Бас Прокурорға жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы, құрметті Берік Ноғайұлы! Біздің бүгінгі депутаттық сауалымыз шетелдіктер асырап алған балалардың тағдыры туралы болмақ.

Рас, бұл тақырып бұған дейін бірнеше рет көтерілген. Еліміздің Бас прокуратурасы 2014 жылы шетел асқан балалардың тағдырына алаңдаушылық білдіріп, арнайы тексеріс

жүргізді, жетім балалар мен оларды асырап алуға ниет білдірген азаматтардың бірыңғай мәліметтер жүйесін құруды ұсынды. Бұл тексерістің нәтижесі және қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы бізге беймәлім. Айталық, Оңтүстік Африка, Кения, Филиппин, Мексика, Мальта, Аргентина сияқты елдерге кеткен 120 бала бақылауға алынды ма? Бірыңғай мәліметтер жүйесі құрылды ма? Жауап күтетін сауалдар көп.

Жиырма жыл бұрын жаттың жетегінде кеткен жетім балалар есейді. Сондықтан қазір бұл тақырып тағы да көтеріліп келеді. Мәселен, журналист Жанар Байсемізова жүргізетін «Жібек жолы» арнасындағы «Шетелдегі қазақ балалары» жобасын тебіренбей көру мүмкін емес. Ата-анасын тапқысы, тегін танығысы келетіндер де аз емес. Солардың бірі – Жәнібек немесе Эджижан Савельев. Журналист Олжас Беркінбаевтың жазуынша Арқалықта 2002 жылы туған оны 2004 жылы сондағы балалар үйінен бельгиялық Ирина Савельева асырап алған. Испанияның Мальорка аралында тұратын Жәнібек 2023 жылы желтоқсанда өзінің биологиялық анасын іздеп келіп, әлеуметтік желіде үндеу жариялады. Ол «Туған әке-шешемнен түк керек емес, тек анамның жүзін бір рет көріп, мауқымды бассам жүрегім тынышталар еді» дейді. Ол анасын таппаған күйі еліне қайтып кетті. Бұл жайт қоғамда үлкен резонанс туғызды, әлеуметтік желіде кең талқыланды, журналист Қымбат Досжан арнайы зерттеу жүргізді.

«Екі күймек бір жанға әділет пе?» деп Абай айтқандай, ата-анасынан бір айырылып бір күйген, еркінен тыс шетел асып екі күйген, есейгенде тегін таппай қиналып, үш күйген мұндай тағдырлар қаншама?

Қазақстан шетел азаматтары асырап алған балалардың құқықтарын қорғау мақсатында 2010 жылы Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялады.

Бала құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті орган болып саналатын Оқу-ағарту министрлігінің мәліметіне сүйенсек, конвенцияға қол қойғалы бері шетелдік азаматтар 158 баланы асырап алған. Соның ішінде 2013 – 2019 жылдары 157 бала шетел асса, соңғы 4 жылда 1 бала сыртқа шыққан. Көрсеткіштің күрт төмендегені әрине, қуантады. Конвенцияға қол қойғанға дейін, 1999 – 2011 жылдар арасында шетелдіктер 8805 баланы асырап алған. Олардың 5217-і қазір кәмелеттік жасқа толуына байланысты есептен шығарылған. Кәмелетке толмаған 3588 бала туралы есеп алынып тұрады. Өкінішке қарай, есеп бермейтіндер де аз емес. Мәселен, Оңтүстік Африка еліне кеткен 30 баладан хабар-ошар жоқ. Сол сияқты АҚШ-тағы 104, Бельгиядағы 113, тағы сол сияқты баланың тағдырын білмейміз. Ең сорақысы, 1999 жылға дейін елімізден қанша жетім баланың шетелге кеткені туралы мүлдем мәлімет жоқ. Талай тағдырды талқандаған 90-жылдарда безбүйректер сатқан даланың жарасы жазылар, ал баланың наласы мен обалы кімге?

Осыған орай Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Зәкиевамен кеңесе отырып төмендегідей ұсыныстар береміз:

- 1999 жылға дейін шетелге кеткен балалар туралы зерттеу жүргізу;
- санда бар, санатта жоқ балалар туралы мәлімет-деректерді жаңалау;
- шетел асқан балаларға тегінен ажырамас үшін түрлі үйірмелер арқылы қолдау көрсету, қажет болса ата-аналарын табуға көмектесу;
- олардың ата-аналарын көріп тұрулары үшін ведомствоаралық келісімдер жасау, елшіліктер арқылы қолдау;

көмелет жасына толған балалар қалаған жағдайда Қазақстан азаматтығын ала білулері үшін олардың таңдауына көмектесу. Өйткені олар біздің қанымыздың бір түйірі, жанымыздың бір бөлшегі.

Құрметті Әлихан Асханұлы, құрметті Берік Ноғайұлы! Заңға сәйкес сіздерден жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша толық жазбаша жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен Д. Қыдырәлі, Ғ. Сарыбаев, Ғ. Шиповских, Б. Жексенбай, Ж. Асанова, А. Сатвалдиев, А. Қапбарова». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Жаңа жылды қарсы алу жылдан-жылға күрделеніп, жай отбасылық мерекеден ауқымды материалдық шараға айналып бара жатқаны жасырын емес. Үлкен қалаларда, облыс, аудан орталықтарында орнатылған алып аршалар, мұз қалашықтары, атылған отшашулар мемлекет қазынасына салмақ түсіріп, тұрғын үй кешендерінде атылып жатқан пиротехникалар қуаттылығы жағынан адамға үрей тудырып, материалдық зақымдар келтіруде.

Жаңа жылдық сыйлық іздеп сабылып жүрген адамдардан сауда орталықтарында аяқ алып жүре алмайсың. Ал бағасы шарықтаған балалар ойыншықтарының басым көпшілігі шетелден келетіндігін, шетелдің дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, тілін, ділін, дінін насихаттайтындығын да жақсы білеміз. Өткізіліп жатқан ұжымдық корпоративтерді талдамай-ақ қояйық. Дегенмен жаңа жылдық шараларда ысырапшылдық пен даңғазалық басым болып бара жатқаны рас.

Тәуелсіз Қазақстанда жаңа жылды атап өтудің ерекше идеологиялық, әлеуметтік негізін қалыптастыратын уақыт келді. Елімізде үш мың жылдық тарихы бар Наурыз мейрамы терең дәстүрге ену қажет. Біріккен Ұлттар ұйымы Бас ассамблеясының қарарына сәйкес халықаралық дәреже алған, ал UNESCO-ның шешімімен адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізілген Наурыз мейрамы – халқымыздың қанына сіңген, жанына жақын, рухына лайық мереке.

Ел ішінде Наурыз – Ұлыстың ұлы күні, жыл басы, күн мен түннің теңелген күні деп айтылады. Осы күні бабаларымыз араларына жік түскен адамдарды бір дастарханнан дәм таттырып табыстырған, жалғыз-жарым жандарды үйлендіріп, жеке отау еткен, кембағал, жетім-жесірлерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. «Бұл күні Самарқанның да көк тасы жібіген» деп небір мықты бай-бағландар да елдің жағдайын жасауға, көмек көрсетуге ұмтылған. Дәл осы күндері бұлақтардың көзін ашып, тал отырғызып, әркім өз ауласы мен үй-жайын тазалаған. Наурыз өте салысымен егіншілер егін егіп, малшылар төл алуға кірісіп, жыл басы қайнаған еңбекке ұласқан, яғни Наурыз – халқымыздың нағыз рухани және еңбек мерекесі. Бұл күн ежелден-ақ ынтымақ пен ырыс мейрамы.

Президент айтқандай, Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символына айналуы тиіс. Сондықтан:

1. Мемлекетімізде бала-бақшадан бастап, барлық оқу орындары мен еңбек ұжымдарында, әрбір отбасында Наурыз мерекесін дәріптейтін, дәстүрге енгізуге мұрындық болатын, әр азаматтың санасына сіңдіре білетін жалпы ұлттық концепция қабылдау керек деп есептейміз.

Наурыз – көл-көсір дастархан жасап, жүздеген киіз үйлер тігіп, ысырапшылдыққа жол беретін мейрам емес, әр отбасына, әр ауылға, әр өңірге рухани нәр беретін жаңашыл мерекеге айналуы тиіс.

2. Наурыздың тарихын, рухани құндылығын, оның әр дәстүрінің символикалық мәнін, ізгі амалдарының тәрбиелік мағынасын, татулық пен бірліктің негізін зерттейтін, қалың бұқараға жеткізетін ғылыми орталық қалыптасуы тиіс.

3. Әр жылдың экономикалық, статистикалық қорытындысы алдағы ақпан-наурыз айларында шығатындығын ескере отырып, Наурыз мерекесінің қарсаңында өткен жылды қорытындылап, еңбек ұжымдары мен еңбек озаттарын марапаттау дәстүрге айналуы тиіс. Тіпті наурыз айы еңбек адамын дәріптеу ай болғаны да дұрыс болар еді.

4. Мереке қарсаңында тұрмысы төмен отбасыларды әлеуметтік қолдауды, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көмектесуді жалпы халықтық акцияға айналдыру қажет. Еріктілер қауымдастығының ерекше пәрмені де осы жерде көрінуі тиіс. Тіпті әкімдердің жыл сайын өткізілетін шыршаларын наурыз айында Қыдыр атаның қатысуымен басқаша өткізу де өте маңызды.

Наурыз мейрамы қарсаңында балалардың тауарларына жеңілдіктер жасау да кәсіпкерлер үшін кісілік келбетке лайық болар еді.

5. Еліміздің халықаралық гуманитарлық көмек көрсету миссиялары да Наурыз мерекесінің алдында жүргізілсе әлемнің назары ауатыны анық.

6. Күн мен түннің теңелуі 21-22 наурызға келетін болғандықтан Қазақстан көлемінде Наурыз мейрамын бір уақытта ұйымдастырған жөн. Ұлыстың ұлы күніндегі барлық ниет пен ақ тілектер бір арнаға тоғысқаны дұрыс. Еліміздің батыс өңірлерінде дәстүрге айналған «Көрісу», «Сәлемдесу» сияқты ізгі амалдарды барынша насихаттау маңызды.

7. Наурыз мейрамын ұлықтайтын көркем және анимациялық фильмдер түсіріп, ақпараттық хабарларды көбейтіп, мектеп бағдарламаларына енгізіп, балаларға арналған оқулықтар мен кітаптарды көптеп шығарту қажет. Теле-радио компанияларындағы жарнамаларды, бағдарламалар мен ток-шоуларды да Наурыз кейпіне келтіруге болар еді.

Наурыз мейрамы жалпыхалықтық мерекеге айналса ұлтымыздың ұтары мол, ұрпағымыздың ұпайы түгел болатыны даусыз.

Құрметпен, Әли Бектаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, регламентті сақтауларыңызды сұраймын.

Сөз депутат Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлына беріледі.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Уважаемый Алихан Асханович! Река Иртыш составляет почти 40 процентов поверхностных водных ресурсов страны, обеспечивает потребности промышленности, энергетики, сельского, рыбного хозяйства, водного транспорта и питьевого водоснабжения четырех регионов нашей республики, включая столицу Астану.

В бассейне реки Иртыш на территории Павлодарской области имеется уникальное сооружение – канал имени Каныша Сатпаева протяженностью 458 километров, предназначенный для водообеспечения отраслей экономики Центрального Казахстана.

Тем не менее имеется ряд проблем в бассейне реки Иртыш.

Первое. Тенденция глобального изменения климата сказывается на снижении водности бассейна реки Иртыш. В последние годы (2020 – 2023) на территории Восточно-Казахстанской и Павлодарской областей продолжается маловодный период. Эта проблема влечет сокращение объемов ежегодных природоохранных попусков, что приводит к уменьшению площадей затопления пойменных сенокосов с 80 до 30 процентов, а также воздействует на ухудшение состояния пойменных земель, нереста рыбы и заготовки кормов.

Для сохранения экосистемы бассейна реки Иртыш необходимо проводить системные мелиоративные комплексные мероприятия, направленные на улучшение состояния всей поймы. К сожалению, соответствующая работа ведется недостаточно эффективно.

В целом для гарантированного затопления павлодарской поймы предлагаем провести своевременный попуск в весенний период, а также строительные работы для увеличения емкости Шульбинского водохранилища с 2 до 3 кубических километров. В дальнейшем следует предусмотреть строительство второй очереди Шульбинского водохранилища с доведением полезной емкости до 6 кубических километров. Эти мероприятия обеспечат дополнительный объем Шульбинскому водохранилищу, обеспечив стабильное проведение природоохранного попуска независимо от водности боковой приточности и наполнения Бухтарминского водохранилища.

Второе. Река Иртыш всегда играла важную роль в экономике и имела транспортное значение. Однако сокращение судоходства привело к необходимости усиления дноуглубительных работ и расчистки русла реки Иртыш от Шульбинского водохранилища до створа города Омска.

Ежегодно Павлодарским филиалом РГКП «Қазақстан су жолдары» для содержания судоходных путей на реке проводятся дноуглубительные работы в объеме 1-1,6 миллиона кубических метров в год. Необходимо отметить, что водные пути характеризуются высокой экономичностью по сравнению с традиционными видами транспорта. В этой связи предлагаем увеличивать объемы дноуглубительных работ по расчистке русел реки до 3-4 миллионов кубических метров в год.

Кроме того, акиматом Павлодарской области проводится работа по расчистке протоков и рукавов реки Иртыш в целях обеспечения максимальной проточности на водозаборах, расположенных на створе реки на территории области.

Третье. Канал имени Каныша Сатпаева. В целях содержания в технически исправном состоянии насосных станций, гидротехнических сооружений для обеспечения бесперебойной подачи воды населению, промышленности, для нужд сельского хозяйства

Центрального Казахстана назрела необходимость проведения реконструкции и модернизации канала имени Каныша Сатпаева.

В частности, плотина № 87 гидроузла № 4, принадлежащая филиалу «Канал имени Каныша Сатпаева» РГП «Казводхоз», находится в аварийном состоянии. В 2019 году была проведена реконструкция, однако работы оказались некачественными и не в полном объеме.

На сегодня канал находится в плохом техническом состоянии и требует реконструкции. Недоработки могут привести к аварии и разрыву технологической цепи каскада сооружений, так как при осмотре плотины представителями акимата Павлодарской области и центральных государственных органов с привлечением специалистов было установлено наличие разрушения тела плотины.

Уважаемый Алихан Асханович, на основании вышеизложенного просим Вас обратить внимание на указанные проблемы и принять своевременные меры по сохранению водных ресурсов реки Иртыш, которые помогут избежать кризисных ситуаций, связанных со снижением полноводности бассейна.

С уважением, депутаты Сената Айткенов, Нухулы».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған 2023 жылғы Жолдауында еліміздің мықты өнеркәсіп негізін қалыптастыру және өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беру қажеттігін айтып, Үкіметке импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік беретін жоғары өндіріс кешенін құру аса маңызды міндет екенін тапсырды.

Бұрын ауыл халқы мал терісін тиянақтап жинап арнайы қабылдау орындарына тапсыратын. Осы бір үрдіс жаңа ғасырдың алғашқы жылдарына дейін жалғасқаны белгілі. Одан кейін мал терісі кәдеге жараудан қалды да ауыл-ауылдың іргесінде үйіліп жататын болды. Бәлкім, біздің елдегі тері өңдеу ісінің тұралау кезеңі де осы кезден басталған шығар.

Қазіргі уақытта республикада қуаттылығы жылына 4 миллионға дейін ірі қара малдың терісін өңдейтін оннан астам былғары кәсіпорны жұмыс істейді. Олардың көпшілігі бірде істеп, бірде тұралап тұр. Ал осы уақыт аралығында дайын теріден бұйым жасайтын өндіріс орны іске қосылмаған.

Қазіргі уақытта шығарылатын өнімнің негізгі түрі – былғары жартылай фабрикат, оның 100 пайыз шетелге экспортталады.

2023 жылдың қаңтар-қараша айларында отандық кәсіпорындар 220 мың дана ірі қара мал терісін қайта өңдеді. 2022 жылдың тоғыз айлық көрсеткішімен салыстырғанда өндіріс 55 пайызға төмендеді. Бұны мамандар үшінші елдер тарапынан былғары өнімдеріне сұраныстың төмендеуіне байланысты болды деп отыр.

Үкімет мал терісін кәдеге жарату мәселесіне 2014 – 2015 жылдардан бері ғана ішінара көңіл бөле бастады. Бірақ оның сипаты мал терісінің экспортын шектеу немесе шектеуді алып тастаумен ғана реттеледі.

Шаруалар мен тері өндірушілердің негізгі мәселелері және шикізат өңдеудің дамымау себебінің бірі – шағын шаруа және фермерлік қожалықтарда өндірілген өнімнің сапасының төмендігі, отандық кәсіпорындардың да, экспортқа шығарудың да талаптарына сәйкес келмеуі, шикізатты сатып алуға айналым қаражатының болмауы, жабдықтың тозуының жоғары дәрежесі, ауыл шаруашылығы шикізатын дайындау, тасымалдау, сақтау жүйесінің және жүнді терең өңдеу бойынша озық технологиялардың жоқтығы.

Бұл мәселенің шешімі терінің сапасы маңызды болмайтын өндірістерді және ірі, жартылай биязы жүнді өңдейтін кәсіпорындарды құру болып отыр.

Тағы бір мәселе – тері өңдеу бизнесіне берілетін несие беру қызметтерінің қолжетімсіздігі. Әуелде «Мал өнімдері корпорациясы» жабық акционерлік қоғамы, одан кейін «Қазагроөнім» корпорациясы» акционерлік қоғамы сияқты мекемелер арқылы 12 пайызбен несие берілді. Алайда банктерден несие алу күрделі және кепілзат талаптарын орындау шаруаларға қиын болды. Сондықтан бізге ұзақ мерзімді жеңіл несиелер керек, яғни теріні зауыттар арқылы субсидиялау жағын қарастырсақ, олар да халықтан неғұрлым көп тері қабылдауға мүдделі бола түседі. Бұл мал өсіріп, күнін көріп отырған ауыл тұрғындары үшін үлкен қолдау болатыны сөзсіз.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы министрлігі Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында 2024 – 2028 жылдарға арналған ауыл шаруашылығы өнімін және тамақ өнеркәсібін қайта өңдеуді дамыту жөніндегі кешенді жоспардың жобасын әзірледі.

Осы орайда келесі мәселелерге баса назар аудару қажет деп ойлаймын, яғни:

теріден бұйым жасайтын өндіріс орындарына жабдықтар мен техниканы сатып алуға инвестициялық субсидиялар қарастыру;

малдың терісін өңдейтін өндіріс үшін шикізат сатып алуға субсидиялар және салық жеңілдіктерін қарастыру.

әрбір өңірде тері және жүн жинаудың сервистік-дайындау орталықтарын құру;

жануарларды есепке алудың жаңа цифрлық платформасын әзірлеу кезінде бақылауды күшейту тетіктерін көздеу;

жануарлардың эктопаразиттері мен тері ауруларына қарсы ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу;

сатуға арналған жануарларды аулада союға тыйым салу туралы ветеринариялық заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз ету;

субсидия алушылардың жіңішке жүнді қой шаруашылығы субъектілерінің селекциялық асыл тұқымдық жұмысының сапасын бақылауға қосымша құралдар енгізу.

Аталған мәселелер бойынша заңнамамен белгіленген мерзімде жазбаша жауап қайтаруыңызды сұраймын».

Сауалдың толық мәтіні жолданады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Большерт Евгений Андреевичке беріледі.

БОЛЬГЕРТ Е.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутатский запрос адресован Заместителю Премьер-Министра – Министру финансов Республики Казахстан Жамаубаеву.

«Уважаемый Ерулан Кенжебекович! В эти дни в стенах Сената Парламента идет активная работа над Законом Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам ведения бизнеса».

Для внедрения регулирования «с чистого листа» проведена ревизия законодательства и выявлено более 10 тысяч излишних требований к бизнесу. Несмотря на успехи в рейтинге «Doing Business, наше законодательство все еще перегружено требованиями к предпринимателям.

Задачу по переходу от жесткого регулирования к стимулированию деловой активности бизнеса и саморегулированию Президент Касым-Жомарт Кемелевич Токаев поставил перед Правительством еще в 2021 году. С момента введения в действие Закона «О саморегулировании» в 2016 году он так и не заработал. За восемь лет не появилось ни одной полноценной саморегулируемой организации в реальном секторе. К примеру, более трех лет длится процесс передачи функций в области пассажирского транспорта, строительной деятельности, в технадзоре, в секторе железнодорожных перевозок. В то же время государственным регулированием остается неохваченным целый ряд сфер деятельности, например, риелторская. Но парадокс действующей модели заключается в том, что в них саморегулирование не допускается.

Институт СРО в Российской Федерации, к примеру, получил свое развитие в строительстве, проектировании, энергоаудите и других сферах.

В США, к примеру, отсутствует специальное законодательство о рекламе. Правила игры в рекламном бизнесе определяют и исполняют сами участники рынка и их объединения.

К сожалению, наши государственные органы не спешат расставаться со своими полномочиями, особенно контрольно-надзорными. При этом передача таких функций, как экспертиза, оценка персонала, разработка отраслевых стандартов, отдельные виды аудита и лицензирования, существенно разгрузит государственные органы, позволит сконцентрироваться на реформах и максимально использовать потенциал профессионального сообщества в условиях нехватки профильных специалистов в министерствах.

Не секрет, что государственное регулирование далеко не всегда эффективно. Показательна ситуация, к примеру, с лицензиями на строительную деятельность, которые сегодня без труда можно приобрести через интернет.

При этом международный опыт показывает, что разумная передача определенных государственных функций в саморегулируемую среду позволяет сократить бюрократию, повысить качество услуг и ответственность участников рынка.

Стоит признать, что за период действия моратория на проверки малого бизнеса, ничего не остановилось без «опеки» и контроля со стороны наших государственных органов. Напротив, наш бизнес прошел шоковую терапию во время пандемии COVID-19, консолидировался и выработал требования для работы в условиях карантина. При этом сами ассоциации пресекали нарушения ограничительных мер во избежание закрытия целой отрасли или сферы деятельности. Поэтому я убежден, что во многих сферах наш бизнес гораздо более зрелый, нежели принято считать, и вполне способен регулировать себя самостоятельно.

Безусловно, саморегулирование не должно стать «узким горлышком» для входа на рынок и прочих злоупотреблений. Обеспечить этот баланс должен правильный государственный контроль, но не над каждым субъектом бизнеса, а над профильными саморегулируемыми организациями.

В целях развития саморегулирования предлагается следующее:

принять принципиальное решение относительно необходимости развития института СРО в Казахстане;

разработать программный документ по развитию СРО в Казахстане до 2027 года;

провести ревизию государственных функций на предмет возможности их передачи в СРО;

разработать четкий механизм перехода к саморегулированию с учетом готовности рынка;

закрепить на законодательном уровне квалификационные требования к СРО;

дать возможность внедрить саморегулирование в сферах, не охваченных государственным регулированием.

Полный текст депутатского запроса прилагается.

С уважением, депутаты Большерт, Кузиев, Ниязова, Рысбекова, Сатвалдиев, Шиповских». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Булавкина Ольга Александровнаға беріледі.

БУЛАВКИНА О.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Наш депутатский запрос направляется Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Уважаемый Алихан Асханович! Поводом для депутатского запроса послужило обращение жителей рабочего поселка Белоусовка Восточно-Казахстанской области, в котором более 200 лет ведется подземная разработка рудных месторождений. С начала эксплуатации Белоусовского рудника пройдено более 280 километров горных выработок. По данным экологического мониторинга РГП «Казгидромет», населенный пункт с численностью почти 10 тысяч человек расположен в зоне с высоким потенциалом загрязнения атмосферы. Среднее содержание загрязняющих веществ в воде реки Глубочанка выше и ниже сброса очищенных шахтных вод составляет тяжелыми металлами – 137 процентов, взвешенными веществами – 103 процента. Из-за образования техногенных донных осадков самоочищающая способность рек критически изменилась, что послужило созданием своего гидрохимического режима.

Накопление загрязняющих веществ в почве и, как следствие, неблагоприятное воздействие на растительный мир оказывают горнорудные отвалы. По результатам оценки воздействия на окружающую среду экологическое состояние по комплексному статистическому показателю характеризуется как опасное.

В связи с завершением контракта на разведку месторождения предприятие «Казахмыс», действующее в регионе с 1997 года, на основании требований статьи 218 Кодекса «О недрах и недропользовании» в декабре 2022 года разработало проект

ликвидации путем затопления шахт. Планируемый период – третий квартал 2023 по 2026 годы. При том что месяцами ранее, в том же 2022 году, Комитетом экологического регулирования и контроля Министерства экологии, геологии и природных ресурсов было выдано заключение о возможности дальнейшей эксплуатации Белоусовского рудника в 2023 – 2032 годах, так как там есть подтвержденные запасы выработки на 12 лет. На основании согласованного плана горных работ предприятием планировалось продление контракта на проведение добычи полиметаллических руд Белоусовского рудника, а работы по ликвидации начать не ранее 2039 года.

В течение 2023 года на общественных слушаниях местные жители высказывали недовольство тем фактом, что в результате затопления шахт произойдут провалы грунта и могут быть жертвы. Ведь фактически данный поселок расположен над горными выработками.

Помимо обвалов, затопление выработанного пространства ликвидируемых шахт приведет к вытеснению на поверхность загрязненного шахтного воздуха. В течение нескольких десятилетий будет происходить скопление метана и углекислого газа в подвальных помещениях жилых домов, что будет наносить значительный вред здоровью населения. В свою очередь, загрязненными подземными водами будет нанесен непоправимый урон сельскому хозяйству.

2 февраля текущего года в регионе планируется проведение очередных общественных слушаний, где жители поселка хотели бы услышать альтернативные варианты, содержащие реальные предложения по своевременному выявлению, прогнозу и планированию мероприятий по предотвращению и ликвидации негативных экологических последствий.

Население, проживающее в экологически неблагоприятной зоне, особо нуждается в социальной поддержке. Социальная инфраструктура поселка Белоусовка обозначена двумя медицинскими, тремя образовательными и одним дошкольным учреждениями, в которых за долгие десятилетия ни разу не проводился капитальный ремонт. Около 30 процентов экономически активного населения работают в других регионах либо в областном и районном центрах. В поселке отсутствуют объекты культуры и центры развития молодежи, что оказывает дополнительное влияние на значительную миграцию молодого населения.

Отсутствие социальной ответственности предприятий за судьбу рабочих поселков, а таких в Казахстане немало, несвоевременная разработка соответствующих государственных программ поддержки промышленных городов и других населенных пунктов могут привести к общей деградации и идеологической дезориентации населения, проживающего на данных территориях, последствия которых могут послужить социально-экономическими угрозами национальной безопасности страны.

В связи с вышеизложенным, уважаемый Алихан Асханович, просим Вас дать поручения всем заинтересованным государственным органам.

Первое. В соответствии с законодательством Республики Казахстан о гражданской защите, в соответствии с Экологическим кодексом провести экспертизу промышленной безопасности и государственную экологическую экспертизу проекта ликвидации Белоусовского месторождения путем затопления шахт с указанием техногенных и экологических рисков реализации данного проекта.

Второе. В случае отсутствия инвесторов и невозможности дальнейшей эксплуатации Белоусовского рудника на перспективу провести исследования по разработке экологически безопасных и экономически эффективных способов консервации месторождения.

Третье. Разработать единую программу развития депрессивных территорий, пострадавших вследствие закрытия шахт, с проработкой вопроса выделения средств на переселение жителей домов в границах ликвидированных месторождений.

С уважением, депутаты Сената Булавкина, Буктугутов».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2024 жылғы 18 қаңтар

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о сотрудничестве в области санитарной охраны территорий государств – участников Содружества Независимых Государств», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы

А.Ш. ӘЛНАЗАРОВАНЫҢ баяндамасы

Доклад секретаря Комитета по социально-культурному развитию и науке АЛБНАЗАРОВОЙ А.Ш. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. 2

ЕСМАҒАМБЕТОВА А.С. – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, вице-министр здравоохранения Республики Казахстан 3

АСАНОВА Ж.Б. 3

ЕСМАҒАМБЕТОВА А.С. 4

БЕКЕНОВ Н.Ж. 4

ЕСМАҒАМБЕТОВА А.С. 5

ҚАЛТАЕВА Л.М. 5

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Протокола о прекращении действия Соглашения о взаимном обеспечении сохранности межгосударственных секретов в области правовой охраны изобретений от 4 июня 1999 года», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі С.Т. МЕДЕБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам МЕДЕБАЕВА С.Т. 6

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М.	8
ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш. – Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі, вице-министр юстиции Республики Казахстан	8
ЖҮНІСОВ Т.Т.	9
ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш.	9
ҚАНИЕВ Б.Н.	10
ЖАҚСЕЛЕКОВА Б.Ш.	10
ТОЛАМИСОВ А.Ғ.	11

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы жаһандық жылынуға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты іске асыру туралы арнайы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Специального Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Французской Республики о реализации сотрудничества в сфере борьбы с глобальным потеплением», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің хатшысы О.А. БУЛАВКИНАНЫҢ баяндамасы

Доклад секретаря Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий БУЛАВКИНОЙ О.А. 12

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ.	13
ЕСІМХАНОВ С.Қ. – Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі, вице-министр энергетики Республики Казахстан	14
ОРЫНБЕКОВ Б.С.	14
БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С.	15
ЕСІМХАНОВ С.Қ.	15
АРУБАЕВ С.Қ.	17

Депутат Т.Т. ЖҮНІСОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖУНИСОВА Т.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 18

Депутат Д.Қ. ҚЫДЫРӘЛІНІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Б.Н. Асылқовқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ҚЫДЫРАЛИ Д.Қ. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А., Генеральному Прокурору Республики Казахстан Асылқову Б.Н. 19

Депутат Ә.Ә. БЕКТАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БЕКТАЕВА А.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 21

Депутат Е.Н. ӘЙТКЕНОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АЙТКЕНОВА Е.Н. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 22

Депутат Ж.Ә. ЖӨРГЕНБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖОРГЕНБАЕВА Ж.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 24


Депутат Е.А. БОЛЬГЕРТТИҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Е.К. Жамаубаевқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БОЛЬГЕРТА Е.А. к заместителю Премьер-Министра – Министру финансов Республики Казахстан Жамаубаеву Е.К. 25

Депутат О.А. БУЛАВКИНАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БУЛАВКИНОЙ О.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 27

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры



А. Әлиев

Стенографиялау қызметінің басшысы



Г. Молдашева